

«Бекітемін»
Гимназия директоры:  Д. Нұрмағамбетова
«...» қыркүйек 2023 жыл

«Шетпе гимназиясы» КММ психологінің 2023 – 2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

Психологиялық қызметтің басты мақсаты – даму мен оқу-тәрбиелеу процесін психологиялық қамтамасыз ету, яғни білім беру процесіне қатысушылардың денсаулығын қорғау мақсатында оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру және жүргізу;

Психологиялық қызметтің міндеттері:

1. Білім беру жүйесінің барлық субъектілеріне қажетті психологиялық көмек беру; (мұғалімдерге, ата-аналарға, оқушыларға)
2. Баланың жас ерекшелігіне байланысты әрбір даму сатысында тұлғалық, интеллектуалдық және кәсіби дамуын қамтамасыз ету;
3. Интеллектуалдық және тұлғалық дамудағы ауытқушылықтардың алдын алу және түзету;
4. Оқушылар мен мұғалімдердің шығармашылық мүмкіндіктерін анықтау;

Психологтың құқықтары:

1. Оқу-тәрбиелеу процесіндегі барлық субъектілермен жұмыстың формасы мен әдісін және белгілі бір кезеңде маньызды деген бағыттарды тандай алады.
2. Әкімшілікке психологиялық қызметтің іс-әрекетінің нәтижелі, әрі өнімді іс-әрекетіне мүмкіндік беретін ұсыныстарды айта алады.
3. Оқыту-тәрбиелеу процесін ұйымдастыруға байланысты мектеп құжаттарын қарастыра алады.
4. Оқыту-тәрбиелеу процесіне байланысты кеңестерге, жиналыстарға белсене қатыса алады.
5. Мектепте психологиялық зерттеуді және әдістерді жүргізеді, түзетеді.
6. Психолог өзінің біліктілігін арттыру және тәжірибе алмасу мақсатында әртүрлі конференцияларға, семинарларға қатыса алады.
(психологиялық орталықтармен, ұйымдармен, практик-психологтармен, сонымен қатар оқу орындарындағы психология кафедраларымен іскер байланыс жасай алады.)
7. Арнайы дайындығы жоқ адамдарға психодиагностикалық және психокоррекциялық жұмыстарды жүргізуіне тыйым салға алады.
8. Әкімшіліктің тапсырысы этикалық принциптерге, жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келмеген жағдайда орындаудан бас тартуға алады.